

Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің кейбір мәселелері туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 106. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Заң күші бар Жарлығына сәйкес , бірыңғай кеден саясатын жүзеге асыру, кедендік бақылау мен ресімдеуді жетілдіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында кеден қоймаларын құру жөніндегі іс-қимылдарды тәртіпке келтіру мақсатында қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің Алматы қаласының Сүйінбай даңғылы, 353 үйде орналасқан терминал аумағында "Темір-Жол-Терминал" кеденін құру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Темір-Жол-Терминал" кеденін ұйымдастыру үшін 40 адамға қосымша штат бөлсін және оны ұстауға қажетті қаражат көз десін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі кеден органдарымен бірлесіп, Алматы қаласына темір жол көлігімен "Темір-Жол-Терминал" кеденіне кедендік ресімдеу үшін әкелінген жүктердің жеткізілуін қамтамасыз етсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі*